

**"Бас бостандығынан айыруға сottалғандарды жазасын әрі қарай өтеу үшін беру туралы  
Конвенцияны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 10 маусым N 718

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Бас бостандығынан айыруға сottалғандарды жазасын әрі қарай өтеу үшін беру туралы конвенцияны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*  
жоба

**Қазақстан Республикасының**

**Заңы Бас бостандығынан айыруға сottалғандарды жазасын әрі қарай өтеу үшін  
беру туралы конвенцияны бекіту туралы**

1998 жылғы 6 наурызда Мәскеу қаласында жасалған Бас бостандығынан айыруға сottалғандарды жазасын әрі қарай өтеу үшін беру туралы конвенция бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

**Бас еркінен айыруға сottалған  
адамдарды жазаны одан әрі өтеу үшін беру туралы  
Конвенция**

Бұдан әрі Уағдаласуши Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысуышы-мемлекеттер,

мемлекеттің егемендігі принципін негізге ала отырып, өзара құрмет пен ынтымақтастықтың қалыптасқан қатынастарын дамытуды қалай отырып,

сottалған адамдардың олар азаматы болып табылатын мемлекетте және оның аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдардың жазаларын өтеуі жазаның орындалу мақсатына әлдеқайда тиімділікпен қол жеткізуге жәрдемдесетінін ескере отырып,

ізгілік принципін басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Осы Конвенцияның мақсатына жету үшін төмендегі көрсетілген терминдер мұнадарды білдіреді:

- а) "Үкім шығарылған мемлекет" - соты адамды бас еркінен айыру түрінде сottaу туралы үкім шығарған Уағдаласушы Тарап;
- б) "Үкім орындалатын мемлекет" - бас еркінен айырылуға сottaлған адам жазасын өтеу үшін берілетін Уағдаласушы Тарап;
- в) "құзыретті орган" - ұлттық заңдарға және осы Конвенцияға сәйкес сottaлған адамды жазасын одан әрі өтеу үшін беру туралы шешім қабылдайтын мемлекеттік орған;
- г) "сottалушы" - Уағдаласушы Тараптардың бірінің соты жасаған қылмысы үшін бас еркінен айыру түрінде сottaған адам;
- д) жақын туыстар - Уағдаласушы Тараптардың қолданылып жүрген ұлттық заңдарына сәйкес туыстық қарым-қатынас тұрған адам.

## **2-бап**

Басқа Уағдаласушы Тарапта бас еркінен айыруға сottaлған Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының азаматы, сондай-ақ оның аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес олар азаматы болып табылатын немесе соның аумағында тұрақты тұратын (егер азаматтығы жоқ адам болса ) Уағдаласушы Тарапқа жазасын өтеу үшін берілуі мүмкін.

## **3-бап**

Адамның сottалғаны және оның тұрған жері туралы жазаны орындайтын сот пен орган тиісінше сottалушы азаматы болып табылатын немесе оның аумағында тұрақты тұратын (егер азаматтығы жоқ адам болса) Уағдаласушы Тараптың дипломатиялық өкілдігін немесе консулдық мекемесін, сондай-ақ олардың беру туралы өтініш жасау құқығын іске асыру үшін оның жақын туыстарын, заңды өкілін және адвокатын жазбаша түрде құлақтандыруға тиіс.

## **4-бап**

Сottалушыны беру туралы өтінішті Үкім шығарылған мемлекет, сондай-ақ Үкім орындалатын мемлекет жасай алады.

Сottалушыны беру туралы сottалушының өзі, оның жақын туыстары, заңды өкілі мен адвокаты Уағдаласушы Тараптың құзыретті органына өтініш жасай алады.

Уағдаласушы Тараптың құзыретті органы беру туралы өтініш жасаушыға

қабылданған шешім туралы 40 күндік мерзім ішінде жазбаша түрде хабарлайды. Беруден бас тарту туралы шешім дәлелді болуы керек.

Берудің мүмкіндіктері мен оның заңдық салдары туралы Үкім шығарылған мемлекеттің қылмыстық-атқару жүйесі басқармасының орталық немесе аумақтық органдары сотталушыға не оның заңды өкіліне жазбаша түрде түсіндіруге тиіс.

## 5-бап

Бас еркінен айыруға сотталған адамды беру мына шарттар болған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін :

адамды бас еркінен айыруға соттау туралы заңды күшіне енген сот үкімі; осы Конвенцияның 4-бабының 2-бөлігінде көрсетілген адамдар тарапынан беру туралы өтініш болса ;

сотталушының жазбаша келісімі немесе егер сотталушы жасына, денсаулығына немесе психикалық жағдайына байланысты өзінің еркін еркін білдіре алмаған жағдайда , - оның заңды өкілінің келісімінсіз болса;

адам қабылдап - өткізуі жүзеге асыруши Уағдаласуши тараптың заңдары бойынша бас еркінен айыру түріндегі жазаға әкеп соғатын қылмыстар болып табылатын әрекеттер үшін сотталса;

беру туралы өтініш алынған сэтте бас еркінен айырудың өтелмеген мерзімі алты айдан кем болса ;

Үкімді шығарылған мемлекеттің және Үкім орындалатын мемлекеттің сотталушыны қабылдау және өткізу туралы келісімі болса.

## 6-бап

Егер :  
ескеру мерзімнің өтуі салдарынан немесе осы мемлекеттің заңдарында көзделген өзге де негіз бойынша жазаның Үкім орындалатын мемлекеттің аумағында орындалуы мүмкін болмаса ;

Үкім орындалатын мемлекеттің аумағында жасалған әрекеті үшін ол жаза көтерсе немесе ақталса не іс тоқтатылса, сол сияқты, егер адамды осы мемлекеттің құзыретті органы босатса ;

был Үкім шығарылатын мемлекеттің немесе сотталушы азаматы болып табылатын мемлекеттің мұдделеріне залал келтірсе, сотталушыны беру жүргізілмейді.

Егер сотталушы қылмыспен келтірілген залалды өтемесе оны беруден бас тартылуы мүмкін.

## 7-бап

Осы Конвенцияның мәселелері бойынша Уағдаласуши Тараптардың құзыретті органдары бір-бірімен тікелей байланысады.

Уағдаласуши Тараптың әрқайсысы ол үшін Конвенция күшіне енген күннен бастап бір айдың ішінде депозитарийге өзінің құзыретті органының атауын хабарлайды.

## 8-бап

Сотталушыны жазасын өтеу үшін беру мақсатында бір Уағдаласуши Тараптың құзыретті органы басқа Уағдаласуши Тараптың құзыретті органына өтініш жасайды.

Өтініш жазбаша нысанда әзірленеді және оған мыналар қоса беріледі:

сottалушының жеке басы туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен ж е р i ) ;

сottалушының азаматтығы немесе оның тұрақты тұрғылықты жері туралы мәліметтер ;

бас еркінен айыруға сотталған адамның әрекеті үкім орындалатын Мемлекетте қылмыс болып табылатынын білдіретін заң баптарының мәтіні;

сottалушының оны ол азаматы болып табылатын Уағдаласуши Тараптың аумағына немесе тұрақты тұратын жері бар аумаққа (егер азаматтығы жоқ адам болса) үкімді орындау үшін беруге жазбаша келісімі, ал сотталушы өз еркін білдіруге қабілетсіз болған жағдайда - оның заңды өкілінің келісімі.

Үкім шығарылатын мемлекеттің құзыретті органы, бұған қоса, өтінішке күэландырылған :

үкімнің көшірмесін және іс бойынша жоғары тұрган сот органдарының қолда бар шешімдерін, үкімнің заңды күшіне енгені туралы құжаттарды;

адам сотталуына негіз болған қылмыстық заң баптарының мәтінін;

жазаның бір бөлігінің өтелгені және жазаның одан әрі өтеуге жататын бөлігі туралы құ ж а т ;

егер тағайындалса қосымша жазаның орындалуы туралы құжат;

сottалушының денсаулық жағдайы мен тәртібінің ерекшеліктері туралы мәліметтер ;

залаал мен оның өтелуі туралы мәліметтер;

егер мұны Үкім шығарылатын мемлекет қажет деп тапса, өзге де құжаттар қоса беріледі .

Сотталушыны беру туралы өтініш қол қойылып куәландырылуға және құзыретті органның елтаңбалы мөрімен бекітілуге тиіс.

## 9-бап

Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысы сотталушыны беру немесе қабылдап алуға келісім беру туралы өтініш жасағанға дейін 8-бапта көрсетілген құжаттарды талап ете алады.

## 10-бап

Жазасын өтеуі үшін сотталушыны беру туралы өзіне өтініш жолданған Уағдаласуши Тараптың құзыретті органы қажетті құжаттарды алған сәттен бастап 40 күннен аспайтын мерзімнің ішінде өтінішті жіберген Уағдаласуши Тараптың құзыретті органын осы Конвенцияда көзделген шарттарға сәйкес сотталушыны беруге келіскені не бас тартқаны туралы хабардар етеді.

## 11-бап

Сотталушыны беру орны, уақыты мен тәртібі Уағдаласуши Тараптардың құзыретті органдары арасындағы уағдаластық бойынша белгіленеді.

## 12-бап

Үкім орындалатын мемлекет сотталушының жағдайын нашарлатпастан өз зандарына сәйкес жазаны өтеуді жалғастыруды қамтамасыз етеді. Басқа Уағдаласуши Тараптың үкімінің орындалуы туралы мәселені қараудың соттылығы Уағдаласуши Тараптың әрқайсысының зандары бойынша белгіленеді.

Сотталушыға тағайындалған жаза Үкім шығарылған мемлекет сотының үкімінің негізінде өтеледі. Бас еркінен айыру түріндегі жазаның мерзіміне Үкім шығарылған мемлекетте өтелген мерзім есептеледі. Үкім орындалатын мемлекетінің соты, шығарылған үкімді негізге ала отырып, өз мемлекетінің заны бойынша үкімде тағайындалғандай бас еркінен айыру мерзімін белгілеп, оны орындау туралы шешім қабылдайды.

Егер Үкім орындалатын мемлекеттің зандары бойынша сол әрекет үшін бас еркінен айырудың шекті мерзімі үкім бойынша тағайындалған мерзімнен кем болса, сот осы мемлекеттің зандарымен көзделген бас еркінен айырудың ең жоғарғы мерзімін белгілейді.

Егер үкім олардың ішінен біреуі немесе бірнешеуі Үкім орындалатын мемлекетте қылмыс болып танылмайтын екі немесе одан да көп әрекеттерге қатысты болса, сот жазаның қай бөлігінің қылмыс болып табылатын әрекетке қолданылатынын белгілейді.

Қосымша жазаның орындалуы туралы шешімді Үкім орындалатын мемлекеттің соты, егер жасалған әрекет үшін осындағы жаза осы мемлекеттің зандарымен көзделсе қабылдайды. Қосымша жаза осы бапта көзделген тәртіппен орындалады.

## **13-бап**

Үкім орындалатын мемлекеттің құзыретті органы бір ай мерзімнің ішінде Үкім шығарылған мемлекеттің құзыретті органын осы Конвенцияның 12-бабына сәйкес қабылданған үкімнің орындалуы туралы сottтың шешімі жөнінде хабардар етеді.

## **14-бап**

Үкім орындалатын мемлекетке жазасын өтеу үшін берілген адам жөнінде оның аумағында сондай әрекет жасағаны үшін сottалған адамдар сияқты сottалудың  
құқықтық салдары туда.

Басқа Уағдаласуши Тараптың құзыретті соты шығарған үкімді орындау үшін берілген адам сондай әрекеттеріне байланысты заңды күшіне енген үкім шығарылған Үкім орындалатын мемлекеттің аумағында қайтадан қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды.

## **15-бап**

Сottалушы берілгенге дейін өтелмеген жазаны орындау, сондай-ақ үкімді орындау туралы шешім қабылданғаннан кейін жазадан толық немесе ішінара босату Үкім орындалатын мемлекеттің заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Үкім шығарылған мемлекет те, Үкім орындалатын мемлекет те кешірім жасау және рақымшылық жасау актілерін қолдануға, сондай-ақ егер бұл Үкім орындалатын мемлекеттің заңдарымен көзделсе, жазылмайтын ауыр науқасқа шалдыққан жағдайда сottалушыны жазаны одан әрі өтеуден босата алады.

Үкім орындалатын мемлекетке берілген сottалушы жөніндегі үкімді қайта қарауды тек Үкім шығарылған мемлекеттің құзыретті органы ғана жүзеге асыра алады.

## **16-бап**

Егер сottалушыны жазасын өтеу үшін бергеннен кейін Үкім шығарылған мемлекеттің құзыретті соты үкімді өзгертсе, онда бұл жөніндегі шешімнің көшірмесі мен басқа да қажетті құжаттар Үкім орындалатын мемлекеттің құзыретті органына жіберіледі. Үкім орындалатын мемлекеттің соты осы шешімнің орындалуы туралы мәселені осы Конвенцияның 15-бабында көзделген тәртіппен шешеді.

Егер сottалушы жазасын өтеу үшін берілгеннен кейін үкім Үкім шығарылатын мемлекетте қылмыстық іс тоқтатыла отырып бұзылса, онда бұл жөніндегі шешімнің көшірмесі орындау үшін жедел түрде Үкім орындалатын мемлекеттің құзыретті орғанына жіберіледі.

Егер сottалушы жазаны өтеу үшін жіберілгеннен кейін үкім Үкім шығарылған

мемлекетте бұзылса және жаңадан тергеу немесе сот талқылауы көзделсе, онда бұл жөніндегі шешімнің көшірмесі, қылмыстық істің материалдары және басқа да материалдар сотталушы жоқ, кезде қажетті іс жүргізу өрекеттері жүргізілгеннен кейін осы Уағдаласуши Тараптың зандары бойынша қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үшін Үкім орындалатын мемлекетке жіберіледі.

## **17-бап**

Әр Уағдаласуши Тарап басқа Уағдаласуши Тараптың өтініші бойынша осы Конвенцияға сәйкес үшінші Уағдаласуши Тарапқа берілетін сотталушыны өз аумағы бойынша транзиттік тасымалдауға рұқсат етеді.

## **18-бап**

Сотталушыны беруге байланысты шығыстарды өз аумағы шегінде Үкім шығарылған мемлекет, ал транзиттік тасымалдауға байланысты шығыстарды, - осындай тасымалдау жөнінде өтініш жасаған Уағдаласуши Тарап көтереді.

## **19-бап**

Осы Конвенцияның ережелері Конвенция күшіне енгенге дейін сотталған адамдар жөнінде де қолданылады.

## **20-бап**

Осы Конвенцияны түсіндіру немесе қолдану жөнінде пайда болған даулар Уағдаласуши Тараптардың құзыретті органдары арасында консультациялар мен келіссөздер жолымен шешіледі.

## **21-бап**

Осы Конвенцияның ережелері Уағдаласуши Тараптардың олар қатысуышылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындастын құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

## **22-бап**

Осы Конвенцияны орындау кезінде Уағдаласуши Тараптар мемлекеттік тілдерді және орыс тілін пайдаланады.

Уағдаласуши Тараптар құжаттарды мемлекеттік тілдерде орындаған жағдайда оларға орыс тіліндегі куәландырылған аудармалар қоса беріледі.

## **23-бап**

Осы Конвенция оған басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

Қосылған мемлекеттер үшін Конвенция осы Конвенцияның депозитарийі болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Атқарушы Хатшылығына қосылу туралы құжат өткізілген күннен бастап отзынышы күні қүшіне енеді.

## **24-бап**

Осы Конвенция Уағдаласуышы Тараптар депозитарийге оның қүшіне енуі үшін қажетті ішкімемлекеттік рәсімдердің орындағаны туралы үшінші құлақтандыру берілген күннен бастап қүшіне енеді.

Қажетті рәсімдерді кейінрек орындаған Уағдаласуышы Тарап үшін ол тиісті құжаттарды депозитарийге өткізген күннен бастап қүшіне енеді.

Осы Конвенция ол қүшіне енген күннен бастап бес жыл бойы қолданылады. Осы мерзім біткеннен кейін Конвенция әр ретте жаңа бесжылдық мерзімге өздігінен ұзартылады.

## **25-бап**

Әр Уағдаласуышы Тарап осы Конвенциядан шыға алады, олар бұл жөнінде депозитарийді жазбаша түрде құлақтандыруы керек. Осы Уағдаласуышы Тарап үшін Конвенция депозитарий шығу туралы құлақтандыруды алған күннен бастап үш ай өткеннен кейін қүшін жояды.

Мәскеу қаласында 1998 жылғы 6 наурызда орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Хатшылығында сақталуда, ол әр мемлекетке осы Конвенцияның куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Әзіrbайжан Республикасы үшін      Молдова Республикасы үшін*

*Армения Республикасы үшін      Ресей Федерациясы үшін*

*Беларусь Республикасы үшін      Тәжікстан Республикасы үшін*

*Грузия үшін      Түркменстан үшін*

*Қазақстан Республикасы үшін      Өзбекстан Республикасы үшін*

*Қыргыз Республикасы үшін      Украина үшін*